

ЖШС «Балым» мектепке
дейінгі шағын орталық
менгерушісі

жылдық перспективалық жоспар

мектепалды «Орленок» тобы

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиеші Джакипова К.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

ЖШС «Балым» мектепке дейінгі шағын орталығы

Топ/ «Орленок» мектепалды топ

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2024-2025 оқу жылы қыркүйек айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған қызмет іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру. Жүгіру. Шашырап, жүшпен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу. Секіру. Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, қос аяқпен секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу. Сапқа тұру, сап түзеу. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар. «Қолды кеуде тұсына қою», екі жаққа созу. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Шалқадан жатып, қолды желкеге қойып, денені көтеру және түсіру (екі бала жұптасып жасайды: екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет). Бүктеліп отырып алға-артқа теңселу (5-6 рет). Аяқ ұшына көтерілу. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату Қимылды ойындар. Балаларды бастамашылық пен шығармашылық танытып таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуді жалғастыру. Спорттық жаттығулар. Екі доңғалақты велосипедпен түзу және шеңбер бойымен жүру. Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері. Допты бір-біріне екі қолмен кеудеге апарып лақтыру.
Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру Сөздің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс, анық айту, есту арқылы ажырата білуге үйрету және артикуляциясы мен дыбысына ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айту: с - з, с - ц, ш - ж, ч - ц, с - ш, ж - з, л – р. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сандармен үйлестіру қабілетін жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Басқалармен өз бетінше дербес сұхбаттасуға шақыру, сұхбаттасушыны мұқият тыңдау. Шығармашылық сөз қызметі. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап табуға үйрету.

Көркем әдебиет	Балаларды қолжетімді көркем шығармалармен, фольклормен және театр әлемімен таныстыру; кітапқа деген қызығушылықты дамыту.
Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде орналастыру Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету. Сөздік қор. Өнім атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеудің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету.
Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құра білуге үйрету. Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білуге үйрету. Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау. Заттарды кеңістікте орналастыруды (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) бекіту. Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну. Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. «Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Қауіпсіздік ережесі балабақшада және балабақша ойын аланында қауіпсіздікті сақтауға үйрету таныстыру Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу. Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр).

	Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.
Сурет салу	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді мүсіндеуге баулу.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.
Құрастыру	Конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.
Музыка	Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. «Күй күмбірі», балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Ән айту. Бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән дағдыларын қалыптастыру айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру арқылы бере білу. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді орындауға үйрету.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған

іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы ЖШС «Балым» мектепке дейінгі шағын орталығы

Топ/ «Орленок» мектепалды топ

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2024-2025 оқу жылы қазан айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру қабілетіне үйрету. Тепе-теңдікті сақтау. Шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру қабілетін дамыту. Жүгіру. Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеуге (арақашықтығы 3–4 метр) үйрету. Секіру. Түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіруге үйрету. Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалатуға үйрету. Сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен қайта тұруды үйрету. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, «қолды желкеге қою». Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5–6 рет). Стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Спорттық жаттығулар. Шеңбер бойымен және тұра жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебуге баулу. Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.

Сөйлеуді дамыту	«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс айту, дыбыстарды анық айту, есту қабілетін ажырата білуге үйрету және артикуляциясы мен дыбысына ұқсас дауыссыз дыбыстарды: с - з, с - ц, ш - ж, ч - ц, с - ш, ж - з, л – р анық айту. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Сұрақтар қоюды және қойылған сұрақтарға қысқа немесе толық жауап беруді үйрету. Шығармашылық сөйлеу қызметі. Бақылаулар бойынша сипаттамалық және баяндау әңгімелерін құра білуге үйрету.
Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауға ықпал ету
Сауат ашу негіздері	Сөз ұғымын қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен тәртібін анықтау. Сөздерді буындардан (ауызша) құрастыруға үйрету.
Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерд орналастыру Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды: ә, ө әрпін дұрыс айта білуге үйрету: Сөздік қор. Ыдыс-аяқ атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетін дамыту. Байланыстырып сөйлеу. Сұхбатқа қатысу қабілетін үйрету.
Математика негіздері	Жиын. Жиынтықтарды бөлшектеуге және оларды қайта біріктіруге үйрету. Сан және санау. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруге үйрету. Шама. Заттарды шамасы бойынша өсу және кему ретімен орналастыру қабілетіне үйрету. Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигураларды: дөңгелек, сопақшаны дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Кеңістікті бағдарлау. Заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) бойынша білімді бекіту. Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің болашағына (біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне) сенімді болуға саналы түрде тәрбиелеу, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Көлік, байланыс құралдары. Балалардың арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуы туралы білімін кеңейту.

	Еңбекке баулу. Балалардың әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызы туралы білімін кеңейту. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. «Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Қауіпсіздік ережесі жер сілкінісі кезінде қауіпсіздікті сақтауға үйрету таныстыру Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелері дағдысын қалыптастыруды жалғастыру. Балалардың жол белгілері (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) туралы білімін кеңейту. Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр). Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Өсімдіктер әлемі. Балалардың ағаштар, бұталар, шөпті өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту. «Орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Жануарлар әлемі. Жабайы жануарлардың тіршілігі туралы түсініктерді кеңейту. Жылдың әр мезгілінде жануарлардың сыртқы келбеті мен тіршілігінің ерекшеліктерін бөліп көрсетуге және сипаттауға үйрету.
Сурет салу	Парақта заттардың кеңістіктегі орнын беру қабілетін үйрету Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.
Мүсіндеу	Балаларды табиғаттан және әртүрлі пішіндегі және мөлшердегі таныс заттарды, көкөністерді, жемістерді мүсіндеуге үйрету бойынша жұмысты жалғастыру.
Жапсыру	Таныс немесе ойлап тапқан әртүрлі суреттерді, қатталып бүктелген қағаздан бірнеше бірдей пішіндерді және екі есе бүктелген қағаздан симметриялы пішінді заттарды кесуге үйрету.
Құрастыру	Салынған құрылым мен қоршаған ортада көргендер арасында байланыс орнатуға үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. «Күй күмбірі», балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Ән айту. Әннің сөздерін анық айтуға, орташа, қатты және тыныш дауыспен ән айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың қимылды сипатын – жеңіл-ырғақты жүгіру, жартылай отыруды («серіппе») орындауға үйрету. Би. Би қимылдарының элементтерін білу.

	Балалар музыка аспаптарында ойнау. Балалардың шығармашылығын дамыту, олардың белсенділігін, дербестігін ояту.
--	---

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған

іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы ЖШС «Балым» мектепке дейінгі шағын орталығы

Топ/ «Орленок» мектепалды тобы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2024-2025 оқу жылы қараша айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Бұрын үйренген дене жаттығуларын қайталау, қозғалыс дағдылары мен білуді бекіту және жетілдіру. Негізгі қимылдар. Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Жүгіру. Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу. Секіру. Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу. Сап түзеу, сапқа қайта тұру. сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.

Сөйлеуді дамыту

Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Арқамен жатып, денені көтеру және түсіру. «Тербелме» тәрізді отыру күйінен алға-артқа аунап түсу (5-6 рет). Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру.

«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату)
Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.

Спорттық жаттығулар. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу.

Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.

Шынықтыру рәсімдерін жүргізу. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киімге күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстарды дұрыс, анық айту қабілетін бекіту, есту арқылы ажырата білуге және артикуляциясы мен дыбысына ұқсас дауыссыз дыбыстарды: с – з, с – ц, ш – ж дұрыс, анық айтуға үйрету. Дыбыстардың нақты артикуляциясын жасау.

Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.

Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.

Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.

Көркем әдебиет	Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.
Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.
Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтер орналастыру Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды: ә, ө, қ, ұ, ү, і, ғ, ң, ь айту. Сөздік қор. Азық-түлік, ыдыс-аяқ, жиназдардың, жемістердің, көкөністердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.
Математика негіздері	Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге, диалогқа қатысуға үйрету. Жиын. Жиынды (заттар тобы) сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру. Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Шама. Бес және одан артық заттардың ұзындығын, биіктігін анықтай білуге үйрету. Сөйлеуде математикалық терминдерді қолдану. Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш) мен денелерді (шар, текше) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Кеңістікті бағдарлау. Заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа. Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.

Қоршаған ортамен таныстыру

Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді түсінуіне ықпал ету. Туыстық байланыстарды түсіну (атасы мен әжесі, жақын туыстары), өзінің жеті атасын білу.

Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін және қолданылуы туралы түсінігін бекіту. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтай және атай білуге үйрету.

Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну.

Еңбекке баулу. Ата-анасының еңбегі туралы әңгімеде еңбек процесі туралы білімді қолдана білуге үйрету, еңбектегі адамдардың өзара байланысын байқау.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.

«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру

Қауіпсіздік ережесі өрт тілсіз жау, электр қуаты қауіпсіздікті сақтауға үйрету таныстыру Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Балалардың жол белгілері (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол), көлік қозғалысы, бағдаршам жұмысы туралы білімін нақтылау.

Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» (су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр) ұғымымен таныстыру. Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.

Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері: ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақ» ұғымдарымен таныстыру.

Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.

Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді орындауға балалардың саналы көзқарасын тәрбиелеуді жалғастыру.

Парақта заттардың кеңістіктегі орнын беру, заттардың жазықтықта әр түрлі орналасуы мүмкін екенін түсіну (тұру, жату және қалпын өзгерту).

Сурет салу

	Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.
Мүсіндеу	Табиғаттан және елестету бойынша көкөністер мен жемістерді мүсіндеу қабілетін қалыптастыру.
Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.
Құрастыру	Ауызша сипаттама бойынша құрылымдарды құру қабілетін қалыптастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) жасай білуге үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. «Күй күмбірі», балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Ән айту. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, музыкалық фразалар арасында тыныс ала білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Билер. Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді орындауға үйрету.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған

іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы ЖШС «Балым» мектепке дейінгі шағын орталығы

Топ/ «Орленок» мектепалды топ

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2024-2025 оқу жылы желтоқсан айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Бұрын үйренген дене жаттығуларын қайталау, қимыл дағдылары мен ептілікті бекіту және жетілдіру. Негізгі қимылдар Жүру. Тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру. Жүгіру. Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу. Секіру. Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу. Сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің артынан сапқа тұру, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.

Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды «кеуде тұсына» қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Шалқадан жатып, денені көтеру, түсіру. «Тербелу» әрекетімен отырған күйде алға-артқа аунап түсу (5-6 рет). Аяқтың ұшына көтерілу. Аяқ ұшын тіректен шығармай орнында аттап басу.

«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.

(Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату

Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.

Спорттық жаттығулар. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу.

Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.

Шынықтыру рәсімдерін жүргізу. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киімге күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

Сөйлеуді дамыту

«Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқыу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).

Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.

Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.

Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.

Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.

Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру дағдысын жетілдіру.
Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Дыбыстарды жұмсақ және қатаң, ызың және ұяң, дауысты және дауыссыз дыбыстарға бөлуге үйрету
Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерд орналастыру
Математика негіздері	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, і, ғ, ң, ь дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру.
	Сөздік қор. Өнімдердің, ыдыс-аяқ, жиһаз, жеміс, көкөніс, жануарлардың, құстардың, адам денесінің бөліктерінің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.
	Тілдің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетіне үйрету.
	Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу, диалогқа қатысу қабілетін дамыту
Қоршаған ортамен таныстыру	Жиын. Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіруге үйрету.
	Сан және санау. Он көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру.
	«Қанша?», «Нешінші?» («Қандай?») сұрақтарына дұрыс жауап беру.
	Шама. Заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білуге үйрету. Сөйлеуде математикалық терминдерді қолдану.
Қоршаған ортамен таныстыру	Геометриялық фигура. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыруды жалғастыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.
	Кеңістікті бағдарлау. Заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа.
	Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және оларды атау.
	Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.
Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттар, олардың белгілерін нақтылау және қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтауға үйрету.
	Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтарын, ұялы телефон, компьютер қолдана білу.

Еңбекке баулу. Қоршаған заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын және оларға мұқият қарау керек екенін түсіндіру.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу. Туған ел, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіндіру.

«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру
Қауіпсіздік ережесі ас болмедегі қауіпсіздікті сақтауға үйрету таныстыру. Үйде жалғыз қалған кезде мінез құлық ережелер
Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіз мінез-құлық дағдысын қалыптастыруды жалғастыру. Балалардың жол элементтері (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол), көлік қозғалысы, бағдаршам жұмысы туралы білімдерін нақтылау.
Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр). Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.
Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері: ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.
Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.

Сурет салу

Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді орындауға балалардың саналы көзқарасын тәрбиелеуді жалғастыру
Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.
Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.

Мүсіндеу

Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.

Жапсыру

Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.

Құрастыру

Музыка

Ұсынылған тақырыпқа құрылымдар құру қабілетін қалыптастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақтың ұлттық ыдыстарын жасау, оларды ою өрнектермен безендіру қабілетіне үйрету. Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.

«Күй күмбірі», балаларды балабақшаға қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру

Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту.

Ән айту. Ән айтар алдында бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту дағдысын, музыкалық фраза арасында тыныс алуды үйрету.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыка сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйретуді жалғастыру.

Билер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.

Балалардың музыка аспаптарында ойнауы. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған

іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы ЖШС «Балым» мектепке дейінгі шағын орталығы

Топ/ «Орленок» мектепалды топ

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2024-2025 оқу жылы қантар айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене шынықтыру

Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері

Бұрын үйренген дене жаттығуларын қайталау, қозғалыс дағдылары мен білігін бекіту және жетілдіру.

Негізгі қимылдар.

Жүру. Басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.

Тепе-теңдікті сақтау. Скамейка үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай бойымен жүру.

Жүгіру. Кедергілердің арасымен өту арқылы жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен: баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру.

Еңбектеу, өрмелеу. Допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3–4 метр).

Секіру. Қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), биіктікке секіру.

Лақтыру, қағып алу, домалату. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).

Сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.

Жалпы дамытушы жаттығулар. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұту және тік көтеру. Арқамен жатып, денені көтеру және түсіру. «Тербелме» қалпында

	отыру күйінен алға-артқа айналдыру (5–6 рет). Аяқтың ұшына көтерілу. Бір орында тұрып аяқ ұшын тіректен шығармай адымдау. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. (Бестемше, Тас қала, Қыз қуу, Асық ату Қимылды ойындар. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға деген қызығушылыққа баулу. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. Спорттық ойындар. Баскетбол элементтерін үйретуді жалғастыру. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру. Шынықтыру процедурасын жүргізу. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киімге күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Өнегелі 15 минут» ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мабильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту. Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу. Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.
Сөйлеуді дамыту	
Көркем әдебиет	Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.
Сауат ашу негіздері	
Қазақ тілі	«Апта дәйексөздері» аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде орналастыру Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздік қор. Күнделікті өмірде кездесетін көлік атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Өнімдердің, ыдыс-аяқтардың, жиназдардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың, адам денесінің бөліктерінің атауларын қайталау.

Математика негіздері

Тілдің грамматикалық құрылымы. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсіну және қолдану қабілетін дамыту.

Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сұрақтар қою және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап беру, диалогқа қатысу қабілетін жетілдіру. Жиын. Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, ал бөліктің жиыннан кіші екенін түсіндіру.

Сан және санау. Нақты жиындарды салыстыру негізінде он шегінде жақын тұрған сандарды салыстыру.

Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.

Геометриялық фигуралар. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.

Кеңістікті бағдарлау. Заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалысты бағыттау: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа.

Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.

Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің болашағына (біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне) сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Мұның бәрі адамның өзіне: оның еңбекқорлығы, табандылығы, өзіне деген сеніміне байланысты екенін түсінуді қалыптастыру.

Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

Еңбекке баулу. Бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге баулу.

Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Балалардың мемлекеттік мерекелердің (Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы) маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту

Қоршаған ортамен таныстыру

